

«Қызылорда облысы білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
Ә.Құдабаев атындағы №197 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Зайырлылық және дінтану негіздері пәні бойынша жылдық жұмыс жоспары

Пән мұғалімі: Жумабаева Салтанат

Сынып: 9 «А,Ә,Б,В»

2024-2025 оқу жылы

Зайырлылық және дінтану негіздері пәні бойынша жылдық жұмыс
жоспары 2024-2025 оқу жылы

р/с	Тақырып	уақыты	жауапты
1	Мұсылман құқығының негізі	қыркүйек	Жумабаева С.Н
2	Зайырлылық пен діннің қоғамдағы орны	қазан	Жумабаева С.Н
3	Конфуцилік діни ұғым	қараша	Жумабаева С.Н
4	Ислам дінінің бағыттар	желтоқсан	Жумабаева С.Н
5	Қожахмет Яссауи хикметтері	қаңтар	Жумабаева С.Н
6	Дәстүрлі емес діни ағымдар	ақпан	Жумабаева С.Н
7	Діни сенім бостандығы	наурыз	Жумабаева С.Н
8	Дін мен дәстүр сабақтастығы теолог маманмен кездесу	сәуір	Жумабаева С.Н
9	Дінаралық келісім	мамыр	Жумабаева С.Н



Пән мұғалімі: Жумабаева С.Н

"Дін мен дәстүр сабақтастығы" тақырыбында теолог мамандарымен кездесу

"Дін мен дәстүр сабақтастығы" тақырыбының мақсаты – ұлттық болмыс пен рухани құндылықтардың үйлесімді дамуын насихаттау. Бұл сабақтастық халықтың дүниетанымын, өмір сүру салтын, тарихы мен мәдениетін қалыптастыратын екі үлкен арнаны – дін мен дәстүрді өзара байланыстыра отырып қарастырады.

Нақты мақсаттары:


1. **Ұлттық құндылықтарды дәріптеу**
– Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ислам дінінің үндестігін көрсету арқылы рухани тұтастықты түсіндіру.
2. **Рухани тәрбие беру**
– Жастардың бойына имандылық, адамгершілік, кішіпейілділік секілді ізгі қасиеттерді сіңіру.
3. **Дәстүр мен дінді шатастырмау**
– Дінге қарсы келмейтін дәстүрлерді дәріптеп, ал діни тұрғыда дұрыс емес немесе бұрмаланған дәстүрлерден арылуға бағыт беру.
4. **Қазақы болмысты сақтап қалу**
– Дін мен дәстүрдің үндестігі арқылы ұлттың тарихи жадын, тілі мен мәдениетін қорғау.
5. **Жаңаша көзқарас қалыптастыру**
– Қазіргі қоғамда дін мен дәстүрдің орнын дұрыс түсінуге, олардың заман талабына сай дамуына ықпал ету.



АНЫҚТАМА

«Тарих және құқық пәндері» бірлестігінің онкүндігі аясында «Дін мен дәстүр сабақтастығы» тақырыбында маңызды кездесу өтті. Бұл іс-шараның ұйымдастырушысы — тарих пәні мұғалімі С. Жұмабаева. Қонаққа Қызылорда облыстық дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының аға маманы, теолог Алдашбаев Сакен Мінуарұлы шақырылды.

Кездесу барысында теолог Сакен Мінуарұлы жастар арасында кеңінен таралып жатқан түрлі діни ағымдардың әсері, экстремистік ұйымдардың жетегінде кетудің себептері туралы сөз қозғады. Ол әлеуметтік желілердің кері әсерін, жастарымыздың өз тарихы мен салт-дәстүріне толық бей-жай қарауын және діни сауатсыздықты осындай жағдайлардың негізгі факторлары ретінде атап өтті. Оқушылар өздерінің сұрақтарын қойып, пікірлерімен бөлісіп, кәсіби маманнан маңызды жауаптар алды. Бұл кездесудің мақсаты — жастардың діни және рухани сауаттылығын арттырып, олардың өз мәдениеті мен тарихын тереңірек түсінуіне көмектесу болды.



<https://www.facebook.com/share/19QbmJL3gU/?>
Ұйымдастырушы: С. Жұмабаева